**Ushqyr oıla! Bıikke samǵa! Álemdi sharla!**



# Farabı shákirti

№08
ТАМЫЗ
2023

www.farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz
@farabishakirti.kz

ЗЕРЕК ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ



**«Абай-Шәкәрім» Мемориалдық кешені Жидебай**

# Ұландарымыз іздеген асыл қазына —
# «Farabi shákirti» журналында

## Мемлекеттің басты құндылығы - адам. Адамның баға жетпес байлығы – отбасы, таусылмас қазынасы – балалары.

ҚҰРМЕТТІ АТА – АНА!

Ұл – қызыңызға «Farabi shakirti» журналын жаздырып берсеңіз, парақтап оқып, білген әр бала ертеңгі елдің патриоты, ғасырдан астам тарихы бар қазақ баспасөзін сақтап қалушы ұлт жанашыры болады деп бағалаймыз! Сенеміз! Аманат етіп тапсырамыз! www.farabishakirti.kz;

farabishakirti.kz;

farabishakirti.kz әлеуметтік парақшаларымызды ақтарып, қараңыз!














# Farabı shákirti

Зерек жасөспірімдерге арналған Республикалық басылым

**№08 (№48) тамыз 2023**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап, айына 1 рет шығады (Электронды нұсқа).**

Шығарушы және меншік иесі
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: **Жанастан КУЧУКОВА**
Тілшілер: **Жұлдыз ӘБІЛ,**
**Тамила ИБРАГИМОВА**
Безендіруші-дизайнер: **Раушан БАҚЫТЖАН**

**Редакцияның мекенжайы: 040600**
**Алматы облысы, Ұзынағаш, Тәуелсіздік, 81**
**87017309312**
**E-mail: farabi_shakirti@mail.ru**
**ТАРАЛЫМЫ– 228 ДАНА.**

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 28.01. 2019 жылы тіркеліп, №17481-Ж куәлігі берілді.

...

Сайт Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 17.02.2021 жылы тіркеліп №KZ43VPY00032526 куәлігі берілді.

...

Жарнама мен хабарландырулар жарнама берушінің қалаған тілінде жарияланады.

...

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

...

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

**Журналдың электронды нұсқасы «Farabi shákirti» редакциясында қапталды.**

# АБАЙДЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

## адамдық хақында



Ұят деген - адамның өз бойындағы адамшылдығы...

***

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

***

Уайымсыз салғырттық деген нәрсе бар, ол Алланың, халықтың, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың дұшпаны, бірі бар жерде бірі болмайды.

***

Ақылы түгел, ойлы адамның баласы - осы адам баласының жалықпайтын нәрсесі бар ма? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де тойдан да, топтан да, қатыннан да, көңіл аз ба, көп пе жалығады. Оның үшін бәрінің айыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суи бастайды.

***

Өзімшілдік - адамды бұзатын пиғыл.

***

Қайратсыз, қорқақ кісі – мақтаншақ келеді.

***

Адамзатқа не керек:<br>
Сүймек, сезбек, кеймек,<br>
Харекет қылмақ, жүгірмек,<br>
Ақылмен ойлап сөйлемек.

Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

***

Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Рақымдылық, Мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек – бұлар жүрек ісі. Асықтық та – жүрек ісі.

***

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

***

Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.

***

Көрсе қызарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.

***

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,<br>
Сонда толық боласың елден бөлек.

***

Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.

***

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

***

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиналмас,<br>
Сұм нәпсің үйір болса,тез тыйылмас.<br>
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,<br>
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

***

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,<br>
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.<br>
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,<br>
Бұл қайраттан шығады, білсең керек,





Төлеген Рахымжанұлы

## Адамгершілік

Ақиқат пен адалдық –
Жүрген бізді адам ғып.
Жол бергенің өсекке –
Тамып тұрған надандық.
Азаттық пен махаббат –
Бізге тиген шапағат.
Зұлымдыққа жол беру –
Беттен соққан шапалақ.
Еркіндік пен еркелік
Қойған бізді серке ғып.
Сойқандыққа жол беру
Дәл маңдайдан шертеді, ұқ!

**Темірхан Медетбек**

## Қайырымдылық

Ол келсе егер –
түн ішінде таң атар,
таң атқызып жарығын ол таратар.
Сонда, сонда ең бір асыл ақ жүрек,
сонда, сонда ең аялы алақан.
Ол келсе егер –
жауласқандар жарасқан,
соған барып тығылады адасқан.
Соның қолы көтереді алдымен
балапанды құлап түскен ағаштан.
Қиналғанға қолын беріп күй табар,
сиқы кеткен сисызға да сый тағар.
Құлағанның қолтығынан көтеріп,
жылағанның маңдайынан сыйпаған!
Неткен жүрек,
неткен биік, кең жүрек
жүргені тек жалау болып желбіреп.
Отырады тіпті кейде, құдай-ай,
қара тастай қатыгезге елжіреп.
Ол жаралған туыстық пен достықтан,
Ол күйінген,
күйінген ол мастыққа.
Қолындағы нанын беріп жіберген
өзі аш қалып аштықта.
Ешкімді де көрмеген ол жатсынып,
жүр біреуді біреулерге тапсырып.
Жамандыққа – бір кезде өзін қорғаған –
жанын салып жасайды ол жақсылық.
Айтсақ егер жарылып бір ағынан
бұл тіршілік –
құламастан бағына –
соның, соның жүрегіне жылынып,
сүйеніп тұр соның алақанына!

Ибрагим Иса

## Қайырымдылық

Шындықтың жүрем суына шомылып алып,
Түседі сосын жарқырап жаныма жарық.
Рахаттанып бір сәтке тыныстап алам,
Мейірім деген жүректің бағына барып.
Мейірім – бақта өседі қайырымдылық,
Тұрады әр тал иіліп, жанымды ұғынып.
Тербеліп көңіл, мейірімнен масайрап қайтам,
Жіберер мені ертеңге сенімді ғылып.
Мейірім – бақтың мәуесі шырыннан шырын,
Ондай жемісті татпаппын шынында бұрын.
Тербеліп ойдың жатамын тал бесігінде,
Қайырымдылық – ғажап қой жарасып қайтсаң,
Қайырымсыздардың шалабын мен де
көп іштім.
Мейірімсіздердің бойынан, расын айтсам,
Махаббат пенен рахым көрген емеспін.
Қайырымдылық Алланың қорғаны білем,
Мейірімге толы олардың арманы кілең.
Қайырымдының мейірімді қолы жетектер,
Белгісіз біреулер адасып қалғаныменен.

**Толқын Жексенбиева**

# Қайырымдылық жасаудан жалықпайық

Душар болып жалғанның сынағына,
Жандар бар ғой зар болған бір адымға.
Үлдеменен бүлдеге орамай- ақ,
Сен солардың хал- жағдайын сұрадың ба?

Қу тірлікпен қиқулап барамыз да,
Тек пайданы жапсырдық санамызға,
Сен жақсылап көз салшы айналаңа,
Жомарт жандар бар екен арамызда.

Бермесе Алла байлықты күремек кім?
Тағдыр жазса әркімге түнемек мұң,
Кейбір сәтте өзіңді қойып көрші,
Орнына осы бір мүгедектің.

Жан мен тәні жаралы адамдарға,
Көмек бергің бойыңда шамаң барда,
Жақсылыққа жақсылық қайтады әркез,
Тілегіңді береді сағанда Алла.

Жаны жайсаң жандардың жолы даңғыл,
Олар әркез пейіштің жолында тұр,
Қамқор адам Алланың сүйікмдісі,
Ол алдында арманы орындалсын.

**Ұлпан Тажибаева**

# Адамгершілік

Білім – ғылым жақсылыққа бастаған,
Ар – ожданың адамдықтан аспаған.
Ақыл-сана аз да болса толар деп
Әр күн сайын жан кітабын жастанам.

Ұмтылғайсың тек биікке белеске,
Ермегейсің қызық атты елеске,
Бойға сақтап әдептілік, ар-ұят.
Тыңда ұғын, құлақ асып кеңеске.

Сыйлағайсың ата-ана,бауырды,
Ана деген ұлағатты қауымды.
Төрелігін айтып саған әй дейтін,
Әке деген айбарыңды дауылды.

Бойға керек намыс,ұят қасиет,
Аталардан қалған асыл өсиет.
Жігеріңмен жеңерсің бәрінде,
Болса санаң, жүрегіңде ақ ниет.

Абай атам айтып өткен ақылды,
Жамбыл бабам жырлап өткен нақылды,
Бойға жинап тек биікке ұмтылу,
Әрбір жастың Алла берген бақыты.





**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,**
**қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.**

# «ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ»

## АБАЙ ҺАКІМ ҺАҚЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МАҚАЛА

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты, жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады. Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзін естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді.

Қай жерде ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып,түсіндіріп өткеніміз теріс болмас.

Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атамыз Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры, ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркі ханнан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға еніпті деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би ел арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыс елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің жұртына келіп бітіседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузында қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты билер билеп, сұлтандардар төрелерден қойылып тұрған заман, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Тыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан

руынан, Бертіс тұқымынан. Шеше тұқымы күлдіргі, қалжың, әзілге Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен киіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы келіп, ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан: «Баяғыдан бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесе болмас», - деп.

Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында - ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда,



Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың (таспен) би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», - деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия алаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған. Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға



пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлки, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына, ондай болудан Құдай сақтаған. 80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген. Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сездірген. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздейді.

Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген кітаптарымен таныстырған. Өлең жазып Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би, болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық псн өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кететінін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен.

Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған Михаэлис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері- қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөндегісі келген кісілерге де, сілтеген жолды ылақпай тұп-тура тапты, адамға да қазақ балалары талай алғыс берер. Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, тор түгіл, тақтан орын берген. Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тындаушы

көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-сараң екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.

Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін - өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я әнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол - ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Әуелі аят, хадис - сөздің басы,
Қосарлы бейітсымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,



Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы.
Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мінәжат уәлилердің зарналасы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.
Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?
Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.
Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар, Құдай қарғап.
Қайда бай, мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдап.
Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!

Сендерге де келейін енді аяңдап.
Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалпы өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған; сол сөздерінің ішінде Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлендері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы даусыз. Абай сөзінен Әбубәкірдің «шайды, кебісті әркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанында, көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтіні, жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған.

Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау:

Көк тұман алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат та, сурет те жоқ, көзім талған.
Ол күндер өткен күнмен бәрібір бос,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі - арнаулы таусыншық күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.
Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы - екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі!
Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тон құмарын іздейсің күнде-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен -
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.
Адам ғапыл дүниені дер «менікі»,
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тон қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?
Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден
Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.
Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек:
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәлет пен мархамат - көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.
Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.
**1897-ші жыл.**

Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Ішіде дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді.

Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмолада, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кіли қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз.

**«Қазақ» газеті 1913 жыл.**
**«Абай-ақпарат», 15 Қаңтар, 2011 жыл**
**Суреттер:otyrar.kz. «Толқын» газеті, Елбасы кітапханасы**









# Президент аймақтық IT Hub-қа барды

Мемлекет басшысы Павлодар ақпараттық технологиялар колледжінің негізінде құрылған аймақтық IT-Hub қызметімен танысты.

Мұнда ақпараттық қауіпсіздік және машина жасау саласының болашақ мамандары IT-нарықтағы заманауи машықтарды меңгеріп, бизнес серіктестер табады.

Қала оқушыларына мектеп жасынан кәсіптік бағдар беру үшін IT Hub базасында «Робототехника», «Графикалық дизайн», «3D-прототиптеу» бағыттары бойынша курстар ұйымдастырылған. Сондай-ақ ересектерге арналған компьютерлік сауат ашу курсы бар.

Президент желілік және жүйелік басқару, 3D-прототиптеу зертханаларын, сондай-ақ металды лазермен кесу цехын аралап көріп, оқытушылармен әңгімелесті. Оқу орнын аралап шыққан соң Президент креативті жастармен жүздесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың жетістіктеріне жоғары баға беріп, еліміздің келешегі жоғары технологиялардың даму деңгейіне байланысты екенін атап өтті.

– Бір ғана Павлодар облысында осыншама талантты жастар бар. Сондықтан сіздер еліміздің экономикасын дамытуға елеулі үлес қосатындарыңызға ешқандай күмәнім жоқ. Мен жастарға әрдайым көңіл бөлемін. Біздің жастарымыз, ең алдымен, ұқыпты, еңбекқор, ойы ұшқыр, креативті, іскер болуы керек. Мен жастарға үлкен үміт артамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайтынан**




# Әлем чемпионатында радиобайланыс бойынша үздік атанды

Қостанай қаласының №11 орта мектебінің радиобелсенді үйірмесінің тәрбиеленушілері: Азат Паризов, Стелла Бойко, Анастасия Иванова, Жанбике Сағадиева, Виолета Демченко, Юлия Ұлан және Анастасия Чиняева – радиобайланыс бойынша Халықаралық Чемпионаттың жеңімпаздары атанды. Оған әлемнің 100-ден астам елінен келген балалар қатысты. Балалар радиобайланыс сеанстарының ең көп санын анықтады.

«Эфирде жұмыс істей отырып, балалар әлемнің қалаларымен және елдерімен танысады, ағылшын тілін білуді дамыта отырып оны тереңдетеді, эфирде қарым – қатынас жасау дағдылары мен біліктілігін дамытады, радио таратқыш аппаратураның құрылысы мен жұмысын егжей-тегжейлі меңгереді, радиоаппаратураны жөндеу мен құрастыруда дағды мен біліктілікті игереді», - дейді жоба жетекшісі Анатолий Ефанов.

Әуесқой радио үйірмесінің 57 жыл ішінде ұжымдық радиостанция арқылы екі мыңнан астам оқушы өтті. Оның түлектері түрлі салаларда техникалық мамандықтар алды.

**ҚР Оқу-Ағарту министрлігінің ресми сайты**

# Қазақстанда бірінші болып Ақтөбе мектебі оқушыны бет-әлпетін тану арқылы кіргізеді

**АҚТӨБЕ. ҚазАқпарат - Ақтөбедегі мектепте Қазақстанда алғаш рет оқу орнына кірудің және төлем жасаудың биометриялық жүйесі енгізілді, деп хабарлайды ҚазАқпарат облыс әкімдігіне сілтеме жасап.**

Ақтөбеде Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 IT мектеп-лицейінде пилоттық режимде балалар мен педагогтарға арналған мектепке биометрия арқылы кіру енгізілді.

Alaqan Mektep жүйесі идентификатор ретінде алақан тамырларының биометриясына негізделген, ол саусақ ізімен салыстырғанда күрделірек және өзіндік ерекшеліктері бар.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов жүйенің жұмыс істеу барысымен және оның артықшылықтарымен танысты.

Мектеп-лицей өкілдерінің айтуынша, Alaqan Mektep - білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және оқу процесін цифрландыруға мүмкіндік беретін бірыңғай экожүйе.

Алақанды сенсорға қою арқылы оқушылар кітапханадан кітаптар алып-тапсырып, асханада төлем жасай алады.

Ал ата-аналар баланың мектептен келу және кету уақыты туралы біле отыра, мобильді қосымша арқылы асханада балаларының мәзірі мен шығындарын бақылай алады.

Alaqan Mektep көмегімен кітапхана жұмысын автоматтандыру арқылы оның қызметін жаңа деңгейге шығаруға, мектептер арасындағы кітаптар қозғалысының процестерін цифрландыра отырып, өңірдегі барлық мектептердің бірыңғай кітап қорын құруға мүмкіндік береді.

«Білім беру нысандарында басым міндеттердің қатарында қолайлы және қауіпсіз ортаны қалыптастыру. Жобаның тиімді жүзеге асуы нәтижесінде оның ауқымын кеңейту мәселесі қарастырылады», - деп қорытындылады облыс әкімі.



# Жыл соңына дейін Қазақстанда алты жаңа IT-хаб ашу жоспарланып отыр

Ақтөбе облысына жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Ақтөбедегі бірінші аймақтық IT-хабта болды. Іс-шараға Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин, Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов және жергілікті IT қоғамдастығының өкілдері қатысты.

Aqtobe IT-Hub-тың негізгі миссиясы – IT-стартаптарды қолдау, цифрлық білім беру және технологиялар трансферті, заманауи технологиялар саласындағы таланттарды іздеу және олардың әлеуетін ашу, жалпы аймақтағы IT саласын дамыту.

Хаб сала қатысушылары үшін біртұтас экожүйеге және венчурлық инвесторлардың, ірі бизнес пен технологиялық стартаптардың қатысуымен салалық форумдар, бизнес-дебаттар, семинарлар, іс-шаралар өтетін алаңға айналады.

Aqtobe IT Hub резиденттері жаңа цифрлық өнімдер мен қызметтерді, оның ішінде қала мен ірі өнеркәсіптік компаниялардың мәселелерін шешуге бағытталған өнімдерді жасаумен айналысады. Жыл ішінде олар кем дегенде 150 инкубациялық бағдарлама мен 75 стартап жобаны іске қосуды көздеп отыр.

Әлихан Смайылов цифрлық технологиялар саласын дамыту үшін ҚР астанасында салықтық преференцияларды қарастыратын және барлық әкімшілік рәсімдерді жеңілдететін халықаралық IT-хаб құрылғанын атап өтті.

«Қазір нәтижелерді көріп отырмыз. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша IT өнімдері мен қызметтері есебінен $300 млн-нан астам экспорт бар. Биыл ол $500 млн құрап отыр. Екі-үш жылдың ішінде $1 млрд долларға жетеді деп күтілуде. Сондықтан бұл тәжірибені тарату маңызды. Біз Қазақстанда, оның ішіне Ақтөбені қосқанда, осындай сегіз орталық аштық. Биылғы жылдың соңына дейін тағы алтауын іске қосу жоспарланып отыр», - деді ол.

Премьер-Министр әрбір қалада қалалық және ауыл жастарының цифрлық технологияларда білім алуға және қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін IT-индустрияны дамыту орталығы болуы керектігін баса айтты.

«Олар болашақта экономикамызды цифрландыру-дың негізі болуы керек. Цифрлық технологияларсыз одан әрі даму мүмкін емес», - деді ол.

Сондай-ақ Aqtobe IT-хабында Үкімет басшысы мен өңірдің шығармашыл жастарының кездесуі өтті, оның барысында зияткерлік меншік нарығындағы трендтер, сондай-ақ жастар жобаларын қолдау шаралары талқыланды.

Премьер-Министр республикада алдағы 7 жылға арналған Жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданғанын, ал заңдарда «креативті индустрия» ұғымы бекітілгенін және оның құрамына кіретін қызмет түрлері айқындалғанын айта кетті.

«Осы бағыттардың барлығы бойынша дарынды жастарымыздың әр салада қабілеттерін дамытуға көмектесу үшін мемлекеттік қолдау шараларын көрсетеміз», - деді Әлихан Смайылов.

**primeminister.kz**

# АБАЙ ЕСІМІМЕН 1441 КӨШЕ МЕН 99 МЕКТЕП АТАЛАДЫ

***Жергілікті әкімдіктердің ақпаратына сәйкес өңірлерде Абай есімімен аталатын 1441 көше, 12 даңғыл, 99 мектеп, 4 колледж және 1 театр бар.***




Былтыр Президент Жарлығымен Абай облысы құрылып, әкімшілік орталығы болып Семей қаласы белгіленді. Одан бөлек Қазақстанда 1 қала, 3 аудан және 28 елді мекенге ұлы ақынның есімі берілген.

«Қазақстанда Абай Құнанбайұлына 30-дан астам ескерткіш орнатылған. Сондай-ақ әлемнің 18 мемлекетінде ұлы тұлғаға арналған монументалды өнер кешені бар. Атап айтқанда, Ташкент, Мәскеу, Бішкек қалаларында Абайдың ескерткіші болса, Ренн, Бейжің, Каир, Будапешт, Тегеран, Стамбул, Нью-Дели, Женева, Париж, Сараево, Тбилиси, Берлин, Сеул, Харьков және Баку қалаларында бюсті қойылған»,- деді Мәдениет және спорт вице-министрі Арман Жүдебаев.

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайты**






# МЕДЕУ ПҰСЫРМАНҰЛЫ ХАҚЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

**(Соңы. Басы журналдың №7 шілде айындағы нөмірінде).**

Агроном-ғалым Теңізбай Қаймұратов «Алмалы» тәжірибе шаруашылығында басшы болған кезеңде 900-1000 граммға жететін апорт алмасын өсіріп, үлкен бақты күтіп баптаған. Медеуді Алматы апортының атасы деуге болады.

Орыс-қазақ мектептері жұртшылық арасында кең қолдау тапты. Верныйдағы ерлер гимназиясында арнаулы қазақ пансионы жұмыс істеді. 1896 жылы гимназиядағы 226 оқушының 22-сі қазақ балалары болды. Верныйдағы бағбандық училищеде де ауыл қазақтарының балалары оқып, білім алды. Медеу бұл оқу орындарына ауыл-ауылдан балалар іздеп, тауып әкеліп оқытты.

Осы кезде Алматының жасыл желекке бөленуіне үлкен еңбек сіңіргендердің бірі – Эдуард Оттанович Баум (1850-1921). Ол Медеумен құрдас, дос, жегжат болып, Алматыны абаттандырып, бақ өсіруді бірігіп қолға алды. Атақты ғалым 1892 жылы “Қазына бағын” (Баум тоғайы) жасайды. Үш жарым шақырымға созылған бұл тоғай қазірде қала халқының демалатын жері болып отыр. Қала көшелерін қуалай ағатын арық және Абай даңғылындағы бас арық та Баумның ұсынысы бойынша 1894 жылы салынған және қаладағы барша үй иелері өздерінің тұрғанжайларының маңына екі қатардан белгілі бір ағаш тұқымдарын отырғызуы тиіс (емен, жөке, қайың, итальян қарағашы, пирамида тәрізді терек, ақ терек, тағы басқалар), қара теректі отырғызуға тыйым салынған. Себебі қара теректен ұшқан ұлпалар көшені әрдайым ластайды екен.



**Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, жазушы, Алматы облысының Құрметті азаматы**

Медеу Пұсырмановтың қала салынуына араласқан тұсы XIX ғасырдың сексенінші жылдары. Верныйдағы белгілі-белгілі адамдармен араласып, сыйластықта өмір кешуі және де атақты ғалым, ұлты неміс Э. О. Бауммен ерекше достасады.Осылайша Медеу қазіргі “Медеу” қонақ үйі қоныстаған орында ағаш үй салу ісіне кіріседі. Бірақ Медеудің таудағы саяжайы құрылысы 1898 жылы сәтімен аяқтала қалған жоқ. Осы тұста Медеу тағы бір хатты Жетісу облыстық әскери губернаторының атына 1898 жылы 20 қарашада жазған. Осы өтінішке жауап сол 1898 жылы 28 қарашада Жетісу облыстық Мемлекеттік мүлік басқармасы арқылы ағашқа рұқсат беріледі де Медеу Пұсырмановтың саяжайы салынып бітеді. Бір айта кететін жағдай қазіргі “Медеу” қонақ үйі (1974 жыл, архитекторы – В.З.Кацев) орнында сәулеттік бітімі келіскен ағаш үй, XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін қаз-қалпынша сақталған. Ағаш үйдің сыртқы ішкі пішінін ойша шолғанда үйдің жобасын сызуда екі адамның есімдерін айтуға болады. Соның алғашқысы орыс азаматтығын қабылдаған ұлты француз Павел Васильевич Гурд.

Медеудің таудағы саяжайын тұрғызуға қатысқан екінші адам талантты архитектор әрі әскери инженер А.П.Зенковтың әкесі – П.М.Зенков болған. Ал оның баласы Андрей Зенков Медеумен достық қарым-қатынаста болған. Қазақша таза сөйлейтін қазақтардың ортасында көп болуды ұнататын белгілі сәулетші А.П.Зенковтың қазіргі “Целинный” кинотеатры орын тепкен орында бой көтерген Медеу үйінің жобасын сызып беруі де сол жақын білістіктің бұлтартпас дәлелі. Масаншы мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы Медеудің төрт ағаш үйіне қосымша монша тұрғызған (біреуі бес бөлмелі), барлық үйлердің төбесі қаңылтырдан жабылған. Бұл сол кездегі ең әсем, ғажап құрылыс саналған.

Медеу Пұсырманов өз тұсында генерал Г.А.Колпаковский, бағбан-ғалым Э.О.Баум, атақты архитектор А.П.Зенков сияқты белгілі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған. 1905-1906 жылдары Медеу Пұсырманов Меккеге сапар шегеді. Ол Меккеден қайтар жолында Петербургке соғып, сонда түскен фотосуреттің бірін Верныйды аралағанда Зенковқа сыйға тапсырған.

Медеу 1906 жылы Меккеден оралғанда Верный қаласында 27 мың тұрғыны бар кішігірім қала кейпінде болатын. Қаладағы тұрғындардың арасында қазақтардың жалпы үлес саны 5 пайызға әрең-әрең жететін еді. Қажы атанып келген Медеу қазақ қоныстанушыларға мейірімі артып 1900-1907 жылдар аралығында жұмыс істеген Ағарту қамқоршылардың Верный қоғамына жәрдемдескен, қалаға қазақтарды көшіріп әкеліп, үй соғып беріп, түпкілікті

қоныстандыруға айырықша ден қояды.

Верный 1900 жылдың бас кезінде дворяндық патшалық шенеуніктердің, бай-манаптардың провинциялық қаласы болып қала берді. Пугасов, Иванов, өзге де ірі көпестердің шарап және сыра зауыттары, Колпаков пен Пестовтың тері илейтін ұсақ кәсіпорындары – Верныйдағы негізгі-негізгі өндіріс ошақтары болды. Мұның үстіне екінші бір қиырдан, Жетісу жәрмеңкелерінде сан мыңдап мал сатып алып, жүн, тері шикізатын өндіретін Тәжібай Малдыбаев, ағайынды Қуанышевтер, Медеу Пұсырманов секілді кәсіпкерлердің есімі елге жайылды.

1905 жылы Верныйда Медеудің қолдауымен Орманшылар мектебі тұрғызыла бастағанда "Медеу қыстауы" делінбей "Медеу шураты" деп көрсетілген. Кейін де Орманшылар мектебіне құрылысшы мамандығы бойынша оқушылар қабылдайтындығы жөніндегі хабарламада "Медеу шураты" деп анық жазылған.

Ал енді Медеу тарихын сөз еткенде, қабырғалы сұраулардың бірі кәмпеске мәселесіне қатысты. 1918 жылдың мамырында Верный уезінің Шамалған, Жайылмыс, Шапырашты, Үлкен Алматы, Кіші Алматы (Медеу осы болыстыққа жатқан еді), Батыс Талғар болыстарында жүргізілген ірі байларды кәмпескелеу жұмысын белгілі күрескер Тоқаш Бокин басқарады. Керісінше ол Медеудің ізгі істерінен хабардар болғандығын, оның балаларына қалған мұрасы өзге байлармен салыстырғанда болмашы ғана деп балаларын кәмпескеден алып қалады. Әйтпесе 1918 жылғы 19 наурызда Жетісу Халық Комиссарлар Кеңесі бекіткен №1 декретте көрсетілгендей Габидулаев, Курганов, Шахварыстов, Иванов, Пугасов сияқты Верный қаласының 20 шонжарымен бірге Медеу ұрпақтары да тізімге алғашында ілігіп, кейін сызылып қалған.

1929 жылы қазіргі Медеу қойнауына белгілі қазақ ақыны, композитор, әнші Иса Байзақов пен партия, кеңес қайраткері, сол уақыттағы республика Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев демалуға келгенде Медеудің балаларына қолда бар, әкеден қалған азын-аулақ малдарыңды мемлекет меншігіне өткізгендерің жөн деп кеңес береді. Медеу балалары ертесінде-ақ асыл тұқымды жылқыларын өз еріктерімен қоғам меншігіне өткізіп, ұжымшар мүшелігіне кіреді. Медеу Пұсырманов Жайшыбек, Омарбек, Рахым, Ахметбек, Мамытбек, Айдарбек, Нәзірбек, Нүсіпбек, Сейдахмет, Шаймардан, Шаяхмет, Шайкамал есімді он екі ұл, сегіз қыз бала сүйеді. Олардың бірнешеуі Ұлы Отан соғысында қаза болған. Медеу қажы үш әйел алған. Медеу қажы 1908 жылы дүние салғанда қалың қазақ жиналып, қабырғаларына қайғы батып төрт бұрышына төрт адам тізе бүгіп, отырып намаз оқи алатындай кең қабырғалы күмбез тұрғызылып, барша сый-сияпатымен жерлеген. Деректі прозаның жүйрігі, жазушы Бейбіт қажы Сапаралы "Қазақ әдебиеті" газетінде (№29, 19 шілде 1985ж) "Медеу кім?" деген мақаласында Медеу жайлы кеңінен сөз етеді.



* * *

Медеу Пұсырманұлы – ғажап бағбан, білімдар, бірнеше тіл білген. Жасынан орысша оқыған ол орыс ұлықтарымен емін-еркін тең дәрежеде сөйлесе алатын болған. Сондықтан да олар үнемі Медеумен санасып, ақылдасып отырған. Қазақ байлары, орыс көпестері Г.А.Колпаковскийді қонаққа шақырса "Медеу онда бола ма, ол болмаса бармаймын", – дейді екен.

Медеу Пұсырманұлы қандай іс атқарса да тиянақты істеген. "Мал жисаң – өрісін тап, ас жисаң – ыдысын тап" демекші, Ұлы Жібек жолындағы керуенші, саудагер, саяхатшылармен жегжат-жұрат болып, асыл тұқымды мал өсірген, неше түрлі жеміс-жидек әкеліп, будандастырып отырғызған. Бір асыл тұқымды тайға бір үйір жылқы беріп айырбастап алып кетеді екен. Медеудің ұсынысымен бүкіл өңірде өсіп тұрған ағаш, жемісті, орман-тоғайды сындырған, шапқан адамдар қатты жазаланатын болған.

Алғаш құрылысы басталған Верный қаласына Медеу бес керемет сән-сәулетке сай әдемі ағаш үй салдырған. Қарғалыдағы Сәт мешітін салдыруға көмектескен, өзен бойына диірмен тұрғызып, бау-бақша өсірген.

"Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан" демекші, Медеу атамыздың ата қонысында бүгіндері әсем де әдемі Алматы қаласы бой көтерді. Оның бір ауданы – Медеу атымен аталады. Әйгілі Медеу шатқалында Медеу мұз айдыны бар.

**Adilet-gazeti.kz, 15 – наурыз, 2018 жыл**

1.



Берілген цифрлардың салмағы құрастырылған таяқшалардың санына байланысты.

Мысалы: 8 цифрының салмағы 7 гр,

7 цифрының салмағы 3 гр.

Төменде берілген жауап нұсқаларынан цифрлары әр түрлі болатын, салмағы ең ауыр болатын екі таңбалы санды табыңыз.

A) 10

B) 11

C) 12

D) 13

E) 14

2. Бір қалыпты қозғалатын дөңгелектің I деңгейден II деңгейге қалай әрекет жасайтынын көрсетіңіз.




A) 

B) 

C) 

D) 

E) 

3. Өзгеше сөзді табыңыз.

A) Дания

B) Норвегия

C) Қазақстан

D) Италия

E) Аргентина

4.




Айгүл жоғарыдағы берілген фигураны сағат бағытында 90°-қа бұрды. (K түзуі өзгеріссіз қалды.)

Бұрғаннан кейін осы фигураны K түзуіне байланысты кескінін салды. Осы кескінді көрсетіңіз.

A) 

B) 

C) 

D) 

E) 

5.



Берілген фигурада боялған кубтарды алып тастасақ, неше куб қалатынын табыңыз.

A) 5

B) 6

C) 7

D) 8

E) 9

6.




A) 

B) 

C) 

D) 

E) 

7. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.




A) 3

B) 4

C) 5

D) 6

E) 7

8. Өзгеше фигураны табыңыз.

A) 

B) 

C) 

D) 

E) 

9. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.

$$\begin{array}{r} ABC \\ -\ DCE \\ \hline 312 \end{array} \qquad \begin{array}{r} DCE \\ +\ ABC \\ \hline 840 \end{array} \qquad \Rightarrow A+B+C=?$$

A) 14

B) 15

C) 16

D) 17

E) 18

10.



A) 

B) 

C) 

D) 

E) 

11. Төмендегі суретте өрнектелген қадамдардың алғашқы үш адымы көрсетілген. Төртінші адымында неше шырпы қолданылады?



A) 8

B) 9

C) 10

D) 11

E) 12

Дайындаған: АБУТАЛИЕВ Диас

№7 «Логикалық сұрақтардың» дұрыс жауаптары:

**1) С; 2) Е; 3) Е; 4) С; 5) С; 6) В; 7) А; 8) D; 9) Е; 10) С; 11) В**

# Ілкі қазақ әндеріндегі географиялық жер-су атаулары

**(Соңы. Басы журналдың №7 шілде айындағы нөмірінде).**

Өнертанушы ғалымның осы он өңірден ат сабылтып ән жинағанын ескерсек, аталған Аққұмды бірден Ахмет Байтұрсыновтың есіміне теліп, оны қазіргі Қостанай облысы Жангелді ауданындағы құмды алқап деп бірден үкім жасау тіпті де қисынсыз болатын еді. Сондықтан бұл «Аққұм» аталған сегіз өңірдің нақты мына жеріне жатады деп кесіп-пішіп кесім айту кімге де болсын абырой әпермейтін іс деген ойдамыз.

Барады аулым көшіп Көлме-көлге,
Көлме-көл алыс дейді көрмегенге.
Көлме-көл алыс болса көрмегенге,
Жаз шығар күн күркіреп өлмегенге...

Өкінішке қарай Көлме-көл де бүгінде көзден біржола өшкен. Негізгі орналасқан жері Қаратаудың шығыс бетіне тиесілі көрінеді. Осы жер атауына байланысты көрнекті қаламгер Мұхтар Мағауиннің мына бір жазбасынан бір шымшым үзінді келтіре кеткеніміз жөн секілді.

«...Тәуелсіздік қарсаңындағы алас-күлес кезең. 1989, әлде 1990 жыл. Ел аралаған, халқыңды қайта танып, жұртыңды жаңаша білмек, соны, тың серпін. Байсал, жан-жақты сапарлар. Өлең-әндегі аңызды, тұманды Көлме-көл шынында да бар екен. Шежірелі Қаратаудың терістік-шығыс беті. Жөн-жосығын естіп, арнайы соғып едім. Арғы, жайдақтау жағасына келіп тоқтадық. ...Бас-аяқ, ұзына бойы, түпкі табанына дейін айқын көрініп тұр. Өйткені, суы құрғаған. Қара жердің өзі төмен түсіп кеткендей ойыс аумақ. ...Әлбетте, аңыздық Көлме-көл өзінен өзі құрғамаған. Кейінгі, адам атаулыны, яғни қазақты жоспарлы түрде құрту үстіне, бар тарапта «табиғатты бағындыру» жобасымен және пайда мақсатында қазыналы Қаратауды жағалай қопарған, үңгіп қазған жабайы зорлық нәтижесінде сай-саладағы бұлақ, тұма атаулыны түгел тыйып, үлкенді-кішілі өзен жылғаларды тегіс сарқыған зұлмат нәтижесі. ...Төңірек тамырлары түгел кесілген Көлме-көл де суалыпты. Үңірейген орны ғана тұр», – дейді жазушы.

Қаламгер айтқан қазақ топырағына жасалған сан қилы қиянаттарды жіпке тізбегеннің өзінде 1954 жылғы Н.Хрушевтың тың игеру саясатының кесірінен қаншама жеріміздің бедері өзгеріп, көкқасқа бұлақтарымыз бен көгілдір көлдеріміздің негізгі тұма көзі біржола бітеліп тынды. Нәтижесінде қаншама көлдеріміз түбінен сарқылып, тек отау үй орнындай ойылып тағаны ғана қалды. Әйгілі агроном Федор Моргунның «Думы о целине» (Тың туралы ойлар) кітабында 1955 жылдың өзінде-ақ қазақ жері қатты эрозияға ұшыраған. Жердің ылғал қабаты толыққанды талқандалғандықтан, күннің ыстығы 60 градусқа дейін жеткен. Соның салдарынан жер бедері тілім-тілім болып торланып, бұлттай буырқанып борпылдақ шаң көтерілген. Көк пен жердің негізгі үйлесімі бұзылғандықтан, көктем мен жаз бойы бір тамшы да жаңбыр тамбайтын болды деп жазады зерттеуші.

Еліміздегі 25,5 миллион гектар қопарылған топырақпен бірге бүкіл жер бедері өзгеріске түскен. Өстіп «Көлме-көлде» жоғарыда жазған Алкакөлдің аяғын құшып, ел жадынан біржола жойылып тынған екен.

Соңғы жылдары Димаш Құдайбергеннің дауысымен төрткүл дүниеге тараған туындының бірі – «Самалтау» әні.

Самал тау, қайран елім, шалқар көлім,
